


## Қазақтың қайраткері - Торғайдың тарлан ұлы!

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, ірі ғалым және педагог, белгілі жоғары мектеп пен ғылымның ұйымдастырушысы, қоғам және мемлекет қайраткері Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев 2008 жылдың 18 ақпанында 70 жасқа толды.

К.Ә.Сағадиев экономика ғылымдарының докторы (1977 ж.), профессор (1978ж.), Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының (1994 ж.) және Пәкістан Ғылым академиясының академигі (1997 ж.), АҚШ-тың Нью-Йорк академиясының мүшесі (1996 ж.) және



және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі төртінші шақырылымының депутаты ретінде оның Экология және табиғатты пайдалану комитетіне кіреді.

Академик К.Ә.Сағадиев мұндай биік деңгейге өзінің талай кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық сирек таланты мен еңбекқорлығының, энциклопедиялық білімінің, ерекше ақыл-парасаты мен іскерлігінің арқасында қолжеткізді.

Жерлес ғалымымыз сәуірдің 23-24-і күні ауданымызда болып, мерейтойын өзі туған

өлке - Торғайда атап өтпек.

Ғылымның дара шапқан тұлпарысың,  
Қазақтың биік самғар сұңқарысың.  
Қайсар ұл қай шақта да адаспаған  
Керсе де ғылымның мың бұлтарысын.  
Өйткені жаралғансың шырқау үшін!!!



Халықаралық жоғары мектеп академиясының толық мүшесі (академигі) (1997 ж.). Қазақстанның төрт жетекші оқу орындарының ректоры (президенті) (1982-1990 жж.; 1992-1994 жж.; 1996-2001 жж.; 2002-2004 жж.) және ҚР ҰҒА Президенті (1994-1996 жж.) болып қызмет атқарды. Қазақстан Республикасы үшінші (2004-2007) және төртінші (2007 жылдан осы уақытқа дейін) шақырылған Парламенті Мәжілісінің депутаттығына сайланды, оның Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы (2004-2007 жж.) болды. Қазір "Нұр Отан" халықтық-демократиялық партиясының мүшесі



Суреттерде: Мерейтой иесі үй кітапханасында; Елбасымен бірге кезекті кеңестен соң, Академик Т.Шарманұлымен.

# Алар асуың көп болсын

"Сүйер ұлың болса сен сүй."-деп басталатын данышпан Абай айтқандай XX-ғасырда өмірге келіп, тек қана Торғайлықтар емес исі қазақтың, қала берді Түрік әлемінің мақтанышына айналған тұлғалардың бірі - біздің Кенжекең, менің замандасым академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев.

Кенжекеңнің мерейлі тойы күндерінде талантты інісіне қазақтың маңдайына біткен атақты заңгер-академик Салық Зиманов ағамыз жүрек жарды лебізін арнаса, Тәуелсіздігін алған қазақ елінің тыныс-тіршілігіне жөн сілтеп, жарқын болашағына жұртшылықтың көзін жеткізе бағдарламалық ой-пікірлердің иесі белгілі қоғам қайраткері, қарымды журналист Қуаныш Сұлтанұлы зор сүйіспеншілікпен замандасына, інілік сөзін айтты.

Елімізге белгілі қайраткерлердің пікірі-Кенжекеңнің ауылдағы замандас-құрбыларын үлкен қуаныш сезіміне бөледі.

Елуінші жылдардың басы ... әр ауылдан келіп Торғайдағы жалғыз орта мектептің 6 сыныбында оқып жатқан біздің үстімізге осы Кенжеғали келіп қосылды. Ол кезде Нұған ағай аудандағы әлуетті мекемелердің бірінде жауапты қызмет істейтін болуы керек. Бізбен бірге сол сыныпта Кенжекең ағайындас елге "суатшы Едірес" атанған кісінің баласы Әлім де оқитын еді. Мен жетіншіні Көкалат мектебінен бітірдім. Естуімше Кенжеғали жақсы оқуының арқасында сыныптан сыныпқа аттап көшуінің арқасында Әуликөлдегі орта мектепті бізден бір жыл бұрын бітіру мүмкіндігіне ие

Біз ауылда жүріп-ақ Кенжеғалидың білім, ғылым жолындағы өрлеу жолын біліп отырдық. Бірнеше институт, университет басшысы болғанын, қазақ ғылымының ордасы-Академия президенті болған кездерінде "Тусаң ту осылай, бауырым"-деп елде отырып сүйсінген жанның бірімін.

Елдің заң шығарушы орны - Парламентте отырып, қаржы-экономика мәселесінде соңғы сөз айтатындардың бірі де, бірегей болғанының куәсіміз.

Сайын даланың айнасындай жарқырап жатқан Ақкөлдің Ахаң туған Сартүбегінен Кенжеғали өмірге келген Құмарал арасы 2-3 шақырым ғана.

"Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін" деп елінің болашағы үшін көбелектей отқа түсуге бейіл Ахаң ұранын олимпиада алауындай XX-ғасырдың екінші жартысы мен XX-ғасыр басында ілгері дамытушы, лайықты ізбасары біздің Кенжекең деп білемін.

Кенжекеңнің ең басты бақыты-тамырын тереңге жіберген, бұтақ-жапырағы талайға сая болардай мөуелі бәйтеректей өулеттің басшысы, қазақы қалпын өзгертпеген, ағайын-туыс, жолдас-жора, құрбы-құрдасқа өзінің ұлытауындай мырза көңілін аямайтын, Сағадиевтар өулетін әрі қарай дамытуға жағдай жасап алтын

асықтай балаларымызды өмірге әкелген Сары бәйбіше Нақтайдай замандасымызбен өмір жасауы.


Кенжеке, қазағымның бағына, туған жердің мақтанышына өлі де талай асуды алып, алла берген күш-қуатыңмен бізді қуанта бер.

**О. АЛМАТ,**

аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.  
Суретте: Кенжекең зайыбы Нақтаймен.



**70 жас  
перейтой**



## Қазақтың нар ғалымы

Кенжеғали Әбенұлына

Торғайдың мақтанышы, тарлан ұлы,  
Ғылымда кеткен биік шырқап үні.  
Алаштың арда туған азаматы,  
Қазақтың ойы асқақ нар ғалымы.

Ұлт үшін ұлы істерді дәріптеген,  
Дәл сізді таулардан да алып көрем.  
70-ке келгеніңіз құтты болсын,  
Жасайсыз өлі сан жыл халықпенен.

Барша ел атыңызды даралауда,  
Жалғасып өнегеніз барады алға!  
Шалқытсын өмір-теңіз айдынында  
Асықпай ақ кеменіз жағалауға!

**А.ЖАҚСЫЛЫҚҰЛЫ**

# Ақылы терең адал дос

Біздің замандастарымыздың өмірі, балалық шағымыз Ұлы Отан соғысының отты жылдарына тура келді. 1941-45 жылдардағы соғыстың зардабынан күйзелген халықтың шаруашылығын қайтадан түзеу біраз уақытқа дейін оңайға түскен жоқ. Иә, шаруашылықтың тұралаған кезі еді. Халық ішер ас, киер киімге жарымай жүріп, аштық-жалаңаштыққа төзіп, күндіз-түні тыным таппай күйреген шаруашылықты қалпына келтіру үшін жұмылған жұдырықтай бірлесе отырып еңбек етті. Сол қайнаған тірлікке кәрі де, жас та бір кісідей араласты. Тіпті, біз де 6-7 жасымыздан еңбектеніп, атпен шөмеле тартып, қозы көгендеп, қой саууға көмектесіп, колхозға қолғабыс жасадық. Сол аты өшкір соғыстың салдарынан білім алу да өте қиындап кеткен-ді. Есейгенше білім ала алмай, 12-13 жасқа келгенде 7-8 жасар бізбен оқуға мәжбүр




тұрды. Өзі ұстамды, әрі мінезді. Кіммен де тіл табыса білетіндігінің арқасында араласып, достасып кеттік. Достыққа беріктігі де оның бір айрықша қасиеті.

Класта біздің қатардағы артқы парталарда бірыңғай қыздар отыраты. Ойынпаз балалар Кенжеғали екеумізді "қыздардың командирлері" деп өжуалағанда,

- Өздеріңнің қолдарыңнан командир болу келмейді, сосын көре алмағандықтан айтасыңдар ғой, - деп Кенжеғали өзінмен жауап беріп, олардың ауыздарын жапқаны бар.

Кенжеғалидің апасы Мағрипа да бізбен бірге оқыды. Оның ағасы Нұған ауданда адвокат болып жұмыс істеді. Ол кісі ҚазМУ-дің Заң факультетін сырттай оқып, жоғары білім алды. Адамгершілігі мол, байыпты, өз ісіне ұқыпты, салиқалы азамат болатын. Сол кездері Жоғарғы



болғандар да болды. Шаруашылығы мешеулеген ауылдар, алды мекендердің шалғайлығы сол уақытта білім алуға үлкен қиындықтар тудырды. Соған қарамастан, осынша қиындықтарды көрген біздің буындағылар оқуға ұмтылды, еңбекті сүйді.

Сонау соғыстан кейінгі жылдары аудан орталығында Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінен басқа бірде-бір орта білім беретін мектеп болған жоқ. Ауылдық жерлерде бастауыш және 7 жылдық мектептер ғана еді. 7 жылдықты бітірген ауыл жастары 8-сыныптан (класс) бастап, аудан орталығына келіп, білім алуды жалғастыратын. Оларға интернатта және пансионда оқытып оқуға мүмкіндік берілді. Бірақ көбісі туыстарының үйінде жататын.

1952-53 оқу жылының басында Кенжеғали Сағидиев Ақкөл 7 жылдық мектебін бітіріп келіп, 8 кластан бастап бізбен оқыды. Класс жетекшіміз химия пәнінің мұғалімі Сағи Аппазов болды. Кенжеғали екеуміз бір класта, бірінші қатардағы мұғалімге қарсы бірінші партада отырдық. Кенжеғали сабаққа зерек, алғыр, тапсырған іске асауауапкершілікпен қарайтын, қоғамдық жұмыстарға белсене қатынасатын. Озат оқушылардың қатарында

орғандардың ұйғарымымен Нұған Сағидиев, Семиозер (қазіргі Әулиекөл) ауданына Халық соты болып қоныс аударады. Қыс ортасы ауа Кенжеғали да сол кісілермен бірге көшіп кетті. Бірақ біздің достығымыз үзілген жоқ. Хат жазысып, хабарласып тұрдық. Өлі күнге дейін байланысымыз үзілмей, сол достығымыз сақталып келеді.

Торғай дәм жазып келе қалса, хабарласпай кеткен емес.

Кенжеғали менен екі жас кіші. Мен биыл мамырда 72-ге толамын. Кенжеғали наурызда 70-ке келді. Оның өзімен сөйлесіп, мерейтойымен құттықтағанмын. Қуанышына ортақпын. Досымның талай жауапты қызметтерді абыроймен атқарғанын мақтаныш етіп айтып отырамын. Қазір ел көңілінен шыға білгендігінің арқасында халық қалаулысы болып сайланды. Кенжеғали ешқашанда Торғайын естен шығарған емес, шығармайды да.

70 - ердің жасы. Өлі де халқыңа берерің көп алда, сондықтан самғай бер! Ақ бастарыңа амандық, зор денсаулық, балаларыңа бақытты болашақ тілеймін.

**Қарағұл СЕЙДАХМЕТҰЛЫ**

Суреттерде: Академик К.Сағидиев отбасы және немерелерімен.